e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 09.04.2018
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 09.04.2018
Дата скачивания 29.03.2024

Маңғыстау облысының әкімдігі

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 57 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 мамырда № 3587 болып тіркелді

Акимат Мангистауской области

Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 727 «Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 285 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16235 болып тіркелген) негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің мына қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

2015 жылғы 14 тамыздағы № 252 «Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлікке құқығын сыйға беру шарты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» (нормативік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2831 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2017 жылғы 24 сәуірдегі № 87 «Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 252 «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» қаулысының (нормативік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3359 болып тіркелген, 2017 жылғы 29 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (М.Б. Әлібекова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.Л. Илмұханбетоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі **Е. Тоғжанов**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Маңғыстау облысы қаржы басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____М.Б. Әлібекова
«9» сәуір 2018 жыл.